

*Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа  
қызмет қылмай қоймаймын!..*

*Потомки ханов имеют непреходящий долг перед казахами и,  
пока я жив, не перестану служить казахам!..*



ӘЛИХАН НҰРМҰХАМЕДҰЛЫ  
БӨКЕЙХАН

*Аюкейхан.*

(1866–1937)



# Ә Л И Х А Н Б Ө К Е Й Х А Н

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ 9 ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ  
ЖИНАҒЫ

IX ТОМ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕ:

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР  
МАҚАЛАЛАР  
ЖАЗБАЛАР  
ӘДЕБИ АУДАРМАЛАР  
ХАТТАР

1925–1927

(Ленинград – Ақтөбе – Мәскеу – Қызылорда)



Астана, 2013



**А Л И Х А Н  
Б У К Е Й Х А Н**

**ПОЛНОЕ СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ  
В 9 ТОМАХ**

**ІХ ТОМ**

**НА КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ:**

**НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ  
СТАТЬИ  
ЗАМЕТКИ  
ЛИТЕРАТУРНЫЕ ПЕРЕВОДЫ  
ПИСЬМА**

**1925–1927**

**(Ленинград – Актюбинск – Москва – Кызыл-Орда)**



**Астана, 2013**

УДК 821.512.122.0  
ББК 83.3 (5 Қаз)  
Б 78

Құрастырушы: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы  
Рецензия жазған: Қозыбаев Сағымбай Қабашұлы, тарих  
ғылымдарының докторы, профессор, академик

Составитель: Жусип Султан Хан Аккулулы  
Рецензент: Козыбаев Сагымбай Кабашевич, доктор исторических  
наук, профессор, академик

Б 78 Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866–1937). Шығармаларының  
9 томдық толық жинағы = Полное собрание сочинений в 9 томах.  
/Құраст.: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: «Сарыарқа»,  
2013. – Қазақша-орысша.  
Т. 9. – 520 б.

ISBN 978–601–277–150–3

ISBN 978–601–277–019–3 (общ.)

Қазақтың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, энциклопедияшы ғалымы және көрнекті публицисі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның тұңғыш толық шығармалар жинағы оның 1889–1985 жылдар аралығында мерзімді басылымдарда, ғылыми журналдар мен жинақтарда жарық көрген ірі ғылыми монографияларын, ғылыми зерттеулерін, саяси публицистикасын, әдеби сын мақалалары мен аудармаларын және жеке хаттарын қамтиды.

Осы жинаққа енген барлық материал Сұлтан Хан Аққұлұлының (Жүсіптің) авторлық меншігіне жатады.

Первое полное собрание трудов и сочинений выдающегося казахского общественного и государственного деятеля, ученого-энциклопедиста, одного из основоположников казахского краеведения и видного публициста Алихана Нурмухамедулы Букейхана включает его научные монографии и статьи, политическую публицистику, исследования по казахской литературе и литературные переводы, опубликованные и изданные в период с 1889 по 1985 г., а также письма.

Авторские права на все материалы, вошедшие в настоящий сборник, принадлежат Султан Хану Аккулулы (Жусип).

УДК 821.512.122  
ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978–601–277–150–3 (IX том)  
ISBN 978–601–277–019–3 (общ.)

© Жүсіп, С. А., 2013  
© «Сарыарқа», 2013

## АЛАШ КӨСЕМІ ШЕТЕЛ АСПАЙ, ӨЗІН МӘСКЕУ ТОРЫНДА ҰСТАУҒА НЕГЕ КӨНДІ?

Немесе Әлихан Бөкейхан өмірінің  
«мәскеу кезеңі» туралы  
(1922–1937)

(Құрастырушыдан)

Әлихан Бөкейхан өмірінің 1922 жылғы желтоқсаннан 1937 жылдың қыркүйегіне дейін 15 жылға дерлік созылған ақыретті «мәскеу кезеңі» де әлі жан-жақты зерттелмеген, жұмбағы жетіп-артылатын сәтінің бірі. Алаш көсемінің Мәскеуге өз ықтиярымен қоныс аудармағаны, А. Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда, «айдан анық, сүттен ақ» [№ 1-сурет]. Оны соңғы жылдары Ресейдің бірқатар мемлекет мұрағатынан табылған тың құжаттар бұлтартпай дәлелдейді. Бұл құжаттардан, атап айтқанда, Түркістан автономиясының бірінші басшылары Тұрар Рысқұлұлы мен Сұлтанбек Қожанұлының [№ 2-сурет], Қырғыз (Қазақ) облыстық комитетінің хатшысы Коростылевтің [№ 3-сурет], 1927 жылдың мамырында И. Сталиннің құпия жеделхаттары [№ № 4, 5-сурет], НКВД-ның тергеу материалдары мен Бүкілресейлік Орталық атқару комитетінің (БОАК) хаттамалары [№ 6-сурет] және т. б., Алашорда автономиясының басшылары мен мүшелеріне және белсенділеріне 1919 жылы рақымшылық жариялануына қарамастан [№ 7-сурет], Ә. Бөкейханның 1922 жылы тұтқындалып, оның ізінше Мәскеуге айдалуы, 1926 жылы Ақтөбеде тұтқындалып, Мәскеудегі Бутырка түрмесіне жабылуы және т. б. бір қарағанға жұмбақ көрінетін талай оқиғаның сырына тиянақты жауап береді.

Алайда, 1919 жылдың соңына қарай Қазақстанға Совет өкіметі орнағаннан кейін Алашорда ұлттық автономиясының басшысы ретінде жаңа өкіметке қарулы қарсылық көрсеткен өзі мен үзеңгілестерін не тағдыр тосып отырғанын Алаш көсемі болжай алмады ма? Совет өкіметі өзі мен үзеңгілестеріне рақымшылық жариялағанша Семей өңірінде жасырынып

жүрген Қыр баласы – елағасы өзінің дарынды саяси шәкірті әрі ізбасары – Мұстафа Шоқаймен бірге немесе оның ізінше неге шекара асып кетпеді? Өзірше тарихи құжат түрінде негіздемесі жоқ бір мәліметке сәйкес, 1919 жылдың соңы мен 1920 жылдың басына дейін Алашорда төрағасы жақын үзеңгілестерімен Қытайға өтіп, біраз уақыт Шәуешек маңында жасырынып жүргенге де ұқсайды. Сібір мен Қазақстанда совет өкіметінен ойсырай жеңілген ақтар қозғалысы көсемдерінің дені, оның ішінде әсіресе Орынбор және Сібір казак әскерлерінің атамандары А. Дутов, Б. Анненковтың өз әскерлерімен Қытай асып кеткендерін ұмытпасақ, олармен антибәлшебектік одақ құрып Қызыл әскерге қарсы соғысқан Алашорда көсемдерінің де, оның ішінде совет өкіметінің 1919–1922 жылдардағы құжаттарында жазылғандай, «Шығыс Алашорданы бастаған Бөкейханов тобы» [№ 8-суретті қараңыз]<sup>1</sup> Шәуешекті немесе Шығыс Түркістанның өзге бір қаласын паналауы шындыққа әбден-ақ жанасар еді. Бұл топқа Ә. Бөкейханның өзі, Р. Мәрсекұлы, Х. Ғаббасұлы, М. Дулатұлы және басқалар жататын.

Бірақ тарихтан белгілі, не Алаш көсемі, не үзеңгілестері Қытай аспай, жаңа өкімет өздеріне рақымшылық жариялаған соң, елге оралды. Неге шетелге кетпеді? – деген заңды сұрақ сол кезде-ақ күн тәртібіне шығып, оған тиянақты жауап іздеген адам да аз болмаған көрінеді. Солардың бірі – Алаш қайраткері, ғалым, жазушы, драматург, журналист Қошке (Қошмұхамед) Кемеңгерұлы 1924 жылы Мәскеуде басылып шыққан «Қазақ тарихы» атты очеркінде мынадай жауап жазыпты: «басқа жұрттардың басшылары тырым-тырақай болып шет патшалықтарға шығып кеткенінде, Әлиханның қоныс аудармай қалуы да – елін сүйгендікке дәлел».<sup>2</sup>

Ә. Бөкейханның 1917 жылғы төңкеріске дейінгі де қиян-кескі күрес жолында алдынан қашу-қашпау мәселесі көлденең шыққан тағы бір маңызды сәті болған-ды. Бұл сәт Қ. Кемеңгерұлының пікірін толық растайды. Атап айтқанда,

1 ГА РФ (бұрынғы ЦГАОР): 1235 қор, 36 тізбек, № 26 іс, 1 парақ.

2 Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы. //Алматы: Қазақстан. 1996 ж. Құрастырған және алғы сөзін жазған Д. Қамзабекұлы. 67 б.

I Мемлекеттік Думаға сайлану науқанын жүргізу үшін Семейге келе жатып, 1906 жылдың 8 қаңтарында Кереку [Павлодар] түбіндегі Тұзқала кентіне [Ямышевский поселкасы] аялдаған сәтінде Ә. Бөкейхан тұтқындалып, ешбір тергеусіз-сотсыз 4 ай Павлодар, Омбы түрмесінде отырады. Тұзқалада ұсталған кезінде Семейден Тұрағұл Абайұлы, Кәкітай Ысқақұлы Құнанбай бастаған достары бір топ, Тұзқаладағы қазақ достары екінші топ болып оны қашырмақ болған. Бірақ достарының екі тобын да таңырқатып Әлекең қашудан бас тартқан. Бұл жолы да Алаш көсемі елінің амандығы үшін жанын да, өмірін де құрбан етуге қашан да әзір екенін байқатса керек. Бұл сәтті Әлихан 1915 жылы Кәкітайға арнаған мұнақып-мақаласында былай деп еске алды:

«Януар басында 1906-ыншы жылы Керекуден Семейге баруға шыққан мені ұстасын деген Семейге хабар келген. Марқұм Омарбек пен Кәкітай һәм өзге аты теріс достар мені қашыртпақ болып, маған қарсы үш атпен «Б»-ны жіберген. Бұл мен ұсталған Тұзқалаға [жергілікті қазақтар Ямышевский кентін «Тұзқала» деп атаса керек. Құраст.] бір көш қана жетпей, ұсталғанды есітіп, кейін қайтты. Бірақ ол күні мен «Б-ға» жолықсам да, қашпақ емеспін. Егер мен онда қашсам, қырға отряд шығып, қазақты хор қылмай ма?

Мені Тұзқалада күзетке алып, қарауылшы бір қазақ-орыс [атты казакты айтып отыр.] қойып, мені ұстаған орыстар бір үйге тамақ ішуге кетті. Сонда маған жиылып келіп Тұзқала кісілері «қашырайық, қаш!» деді. Мені ұстамас бұрын, маған Керекуден «С» қуып келді, «қашайық» деп.

Керегі мен болсам, мен қашпаймын, абақтыда бір кісі жатқаны жұрт қор болғанынан ыңғайлы болар дедім «С-ға».<sup>3</sup>

Әрине, Ә. Бөкейханның елін жан-тәнімен сүйгендігіне күмән бар ма! Әйтсе де Қ. Кемеңгерұлының тапқан жауабы Алаш көсемінің елде қалуының қыр-сырын, бар жұмбағын ашып бермейді. Тиянақты жауапты Әлекеңнің елде қалғаннан кейін совет өкіметі тұсындағы іс-қимылынан қарастырған дұрыс.

3 Әлихан. Кәкітай (Ысқақұлы Құнанбай). Мүнәһиб-Некролог //«Қазақ» газ., № 105, 18.02.1915 ж. Самар.

Ең алдымен Түркістан АССР Орталық атқару комитеті (ОАК) төрағасының орынбасары Сұлтанбек Қожанұлы мен Түркістан Халық комиссарлар кеңесінің (ХКК) төрағасы Тұрар Рысқұлұлының Ресей Федерациясы ұлттардың істері бойынша халық комиссары (народный комиссар по делам национальностей РСФСР) Иосиф Сталинге жолдаған жеделхатын алайық. Жеделхат 1922 жылдың қазан айында Ташкенттен жөнелтілген. Оны алған жақтың, яғни РК(б)П ОК-нің хатшылығы Бюросы [Бюро секретариата ЦК РКП (б)] мөріндегі жазуға қарағанда, құжат 1922 жылдың 31 қазанында Кремльге жетіп тіркелген. Ал жеделхаттың нақты қай күні жөнелтілгені көрсетілмепті. Жеделхаттың мәтіні төменгідей (мәтіні қажетті толықтырулармен беріліп отыр):

«Москва[.] ЦК РКП [.] Сталину.

Из Ташкента 4757 76 23 15 40 а [?].

Распоряжением властей Кирреспублики 14 октября [в] Каркаралинске арестован Алихан Букейханов[.] Принимая во внимание декрет [об] амнистии Алаш-Ординцам[.] слабую связь[ь] Соввласти [с] массой коренного населения Киргизии[.] атмосферу[.] создавшуюся [в] результате работ последнего съезда Советов Киргизии[.] [а] также учитывая возможность неблагоприятного отражения этого сообщения [в] массах кирнаселения, считаем необходимым просит[ь] Вас вмешаться [в] это дело и [в] случае отсутствия основания[.] предложит[ь] немедленно освободит[ь] Букейханова из под ареста[.] 564 ---

Зам. председателя ТурЦИКа Ходжанов.

Председатель Совнаркома Рыскулов» [№ 2-сурет].<sup>4</sup>

Жеделхаттың мәтінен ол жылдары әлі Қырғыз және Түркістан автономияларына бөлінген советтік Қазақстанның С. Қожанұлы, Т. Рысқұлұлы сынды бірінші басшыларының ұлт көсемі – Ә. Бөкейханды нақақ айып тағу мен негізсіз қуғын-сүргіннен қорғауға тырысып баққанын көреміз. Одан

4 РГАСПИ: 17 қор, 112 тізбек, № 384 іс, 208 парақ.



да маңыздысы – олардың тізіп келтірген уәждері Кремльде отырған бәлшебек көсемдерінің назарын елең еткізген. Оған Ресейдің мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты (РГА-СПИ) қорынан алынған келесі құжат дәлел болады.

Бірінші құжат – РК(б)П ОК хатшылығының 1922 жылғы 2 қарашадағы мәжілісі хаттамасының 39-тармағы. Онда Ә. Бөкейханның тұтқындалуы себебі туралы Қырғыз облыстық комитеті [Киробком] мен Бас саяси басқармадан [ГПУ] сұратып анықтауға нұсқау берілген. Екінші құжат – Коростылев деген Киробком хатшысының осы сұрауға жауап ретінде Орынбордан 11 қарашада жіберген «аса құпия» жеделхаты. Енді осы жеделхаттың мазмұнына назар аударайық:

**«Строго секретно.**

**Москва. ЦК еРКАПе.**

**Вашу 17742–6127/? Арест Букейханова вызван систематическим неподчинением распоряжениям КЦИК[,] намерением бежать [в] Туркестан[,] ликвидацией руководящей нелояльной части Алаш-Орды [в] Семипалатинской губернии[,] имеющей связь [с] Монголией[,] разлагающей киргизскую молодежь № 75 (?!).**

**Секретарь Киробкома /Коростылев/.**

**«11» ноября – 22 г. гор. Оренбург[,] Советская ул. № 37[,] «КирОбКом» [№ 3-сурет].<sup>5</sup>**

Коростылев «Ә. Бөкейханның тұтқындалуын Түркістанға қашу ниетімен» және «Семей губернесіндегі Алашорда басшылығының Совет өкіметіне қырын қарайтын және Монғолиямен байланысы бар бөлігін жоюмен» (!?) түсіндіреді. Бұл жеделхатта ең бірінші кезекте **«ликвидация руководящей нелояльной части Алаш-Орды [в] Семипалатинской губернии»** деген жолына айрықша назар аударған дұрыс. Себебі, орыс тіліндегі «ликвидация» деген сөз «көзін құрту», «көзін жою», жалпақ тілмен айтқанда – «өлтіру» деген мағынаны береді. Демек, Қазобком басшылығының алдына «Семей губернесіндегі

5 Сонда: № 209 парақ.

Алашорда басшылығының Совет өкіметіне қырын қарайтын және Монғолиямен байланысы бар бөлігінің» көзін құрту, жою міндеті қойылса керек. Біріншіден, сөз ең алдымен Алашорда төрағасы Ә. Бөкейхан, онымен бірге тұтқындалған М. Дулатұлы және Қытай асып үлгерген Р. Мәрсекұлы туралы болып отырғанына еш дау жоқ. Екіншіден, Коростылев өзінің жеделхатында Кремльге (И. Сталинге деп түсініңіз) есеп беріп отырғанын анық аңғартады. Демек, Алашорда төрағасын Коростылев өз бастамасымен тұтқындамаған, ол – ұлттардың істері бойынша халық комиссары әрі РК(б)П-ның бас хатшысы И. Сталиннің нұсқауын орындаушы ғана.

Сонымен қатар Коростылев «Түркістан» деп не Қытай құрамындағы Шығыс Түркістанды (Шыңжаңды) айтып отыр ма әлде Т. Рысқұлұлы мен С. Қожанұлы басқарған Түркістан автономиясын нұсқап отыр ма, түсініксіз. Одан бұрын, 1922 жылдың қазанында Т. Рысқұлұлы мен С. Қожанұлының И. Сталинге ешбір негіз болмаған жағдайда, іске араласып Бөкейханды дереу босатуға нұсқау беруін өтінген жеделхатын еске алсақ, Кремльге келесі айда – қарашада жіберген құпия жеделхатында Коростылевтің сол екеуі басқарған Түркістан автономиясын нұсқап отыруы да ғажап емес. Бірақ, Алаш көсемі Қазақ автономиясына қараған Семейден Түркістан автономиясының астанасы – Ташкентке қоныс аударса, онысы қалай қашқаны болады? Олай дейтін себеп: 1922 жылы Қазақ және Түркістан – де-юре дербес автономиялар болып есептелсе де, де-факто – Ресейдің құрамына кіретін біртұтас қазақ ұлттық автономиялар болғаны тарихи факт. Ол бір. Екіншіден, егер Алашорда төрағасының Семей облысымен шекаралас Шыңжаңға не Монғолияға қашпақ ниеті болса, ол 1919 жылдың соңы мен 1920 жылдың басында-ақ неге шекара асып кетпеді? Үшіншіден, Ә. Бөкейхан кейінірек, тұтқындалған 1922 жылдың қазанында қашуды шындап жоспарлаған болса, оның жолын кесуге немесе тұтқындауға Орынборда отырған Қазобкомның хатшысы Коростылевтің немесе Совет өкіметінің құрығы жетер ме еді? Олай деуге үш бірдей маңызды себеп бар. Біріншісі, Смахан төре Бөкейханның естелігіне қарағанда, 1921 жылдың соңынан

1922 жылдың қазанына дейін Әлихан 1 жылдай өз ауылында – Қызыларайдағы қыстауында болды.<sup>6</sup> Гүлнәр Міржақыпқызы өзінің естелігінде: «Әкем 1921–1922 жылдары Семей губсотында жұмыс істеді де, біз Комиссарская көшесіндегі Әнияр Молдабаевтың екі қабатты жекеменшік үйінде тұрдық (кейін Абай музейі болды). Үстіңгі қабатында біз – Дулатовтар, біріншісінде Әлихан атекемнің (Бөкейханов) үй-іші жайғасқан еді... Әкем мен Әлихан Бөкейханов атекемді совет өкіметі Семей түрмесіне қамайтын кезі – сол 1922 жыл»,<sup>7</sup> – деп жазды. Екіншісі – 1920–30-жылдары Совет өкіметі Қазақстанда, оның ішінде әсіресе Семей өңірінде қыла үстінде тұрды. «Қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен» үстемдік орнатқан совет өкіметінің бұқара халықпен байланысы, ықпал-беделі жоқтың қасында болды. Оған көз жеткізу үшін Т. Рысқұлұлы мен С. Қожанұлының И. Сталинге жолдаған жеделхатына қайта оралып, оның мына жолдарын зер салып оқып қарайық: «Принимая во внимание... слабую связь [ь] Соввласти [с] массой коренного населения Киргизии[,] атмосфереу[,] создавшуюся [в] результате работ последнего съезда Советов Киргизии[,] [а] также учитывая возможность неблагоприятного отражения этого сообщения [в] массах кирнаселения, считаем необходимым просит [ь] Вас вмешаться [в] это дело и [в] случае отсутствия основания[,] предложит [ь] немедленно освободит [ь] Букейханова из под ареста».

Үшіншіден, Алаш көсемінің сонау 1905–1907 жылдарғы төңкеріс кезінен келе жатқан сенімді үзеңгілесінің бірі, жоғары білімді заңгер, адвокат, публицист әрі Алашорданың көрнекті қайраткері Р. Мәрсеқұлы 1922 жылы Қытай асып кеткенде, Ә. Бөкейхан осы үзеңгілесімен бірге не оның ізімен шекара аспақ болса, оған кім бөгет қоя алар еді!?

Р. Мәрсеқұлы ұлт көсемімен ақылдасып-кеңесіп, ақыр аяғында Парижде жүрген қандас-әріптесі М. Шоқайға

6 Бөкейхан С. Әлекеңнің өмірі. //«Жұлдыз», журн., №3, 1996 г, 102–125 стр.

7 Дулатова Г. «Әкемді ГПУ әкеткенде он екіде едім...». Ақжол, 2000, №6. 19. Движение Алаш. Апрель 1920–1928 гг. Алматы: «Ел-шежіре», 2007. Т. 3. Кн. 1. стр.131.

қосылып, Кіндік Азия мен Қазақстанды етігімен таптаған совет диктатурасына қарсы күш біріктіру мақсатымен Қытай асты ма әлде өз ойымен кетті ме? Ол әзірше жұмбақ. Зерттеуші Н. Дулатбековтің «Абай.кз» сайтында жарияланған зерттеу мақаласында сілтеп көрсеткен бір мәліметі расталса, Р. Мәрсекұлы Қытайда жұмбақ жағдайда қайтыс болыпты. Ол совет чекистерінің құрбаны болды ма әлде басқа ма, ол әлі анықтала жатар деген үміт жоқ емес.

Ал Алаш көсеміне оралсақ, Қазобком хатшысы Коростылевтің «Бөкейханов Түркістанға қашпақ ниеті болды» дегені оған нақақтан-нақақ жапқан жаласы болып шығады. Ал егер, біріншіден, Әлекеңнің өзі 1906 жылдағыдай **«керегі мен болсам, мен қашпаймын, абақтыда бір кісі жатқаны жұрт қор болғанынан ыңғайлы болар»** деп ойламаған болса, 1922 жылдың қазанында оны Қызыларайдағы қыстауына келіп тұтқындап, Қарқаралы түрмесіне жабуы да, екіншіден – елін тастап шыңдап қашпақ болса, Совет өкіметінің оған бөгет бола қоюы да екіталай болатын.

1937 жылдың шілдесінде Алаш көсемі Мәскеудегі коммуналдық пәтерінде ақырғы рет тұтқындалып, 27 қыркүйекте оны өлім жазасына кескен сот өкімінде былай жазылды: «Қызыл Армия Қазақстанда ақтар мен Алашорда әскерлерін талқандағаннан кейін, Бөкейханов өзінің жақын үзеңгілестерінің тобымен қазақ даласында совет өкіметінен жасырынып жүрді және совет өкіметіне қарсы жаңа көтеріліс ұйымдастырғысы келді; ол совет өкіметіне қарсы күрестен бас тартқан жоқ, күрестің тәсілін өзгертіп – жалғастыра берді» [түпнұсқа: **«После разгрома Красной Армией белых и Алашординских войск в Казахстане, Букейханов с группой своих ближайших соратников скрывался от советской власти в казахских степях, и пытался поднять новое восстание против советской власти; он не отказался от борьбы с советской властью, а изменив ее формы – продолжал»**].<sup>8</sup>

---

8 Бұл және келесі үзінділер – СССР КГБ-сының мұрагері болып табылатын РФ Федералдық қауіпсіздік қызметінің мұрағатында сақтаулы Ә. Н. Бөкейханның ісінен, оған тағылған ресми айыптамадан қолмен жазып алынды.

Бұл үзіндіден «Ә.Бөкейхан совет өкіметіне қарсы жаңа көтеріліс ұйымдастыруды шын көздеді ме?» деген заңды сауал туады. Оған үзілді-кесілді бір-ақ жауап бар: бұл Алашорда көсеміне тағылған нақақ айып, барып тұрған жала. Смахан төренің естелігіне сенсек, совет өкіметінің басшылары В. Ленин мен И. Сталин Орынбордан ұлттық автономияның астанасы – Алаш қаласына (Заречная Слободка, Семей) көшіп барған Алашорда үкіметінің мүшелерімен 1918 жылдың көктемінде тікелей телефон желісі арқылы байланысқан соң (Алашорда жағынан сөйлескен Ә. Бөкейхан емес, Х. Ғаббасұлы болды), қазақ көпесі Жүмеке Оразалиннің үйінде өткен мәжілісте Ә. Бөкейхан «біз нашар елміз ғой, бәлшебектерге қосылайық» дегенді ұсынғанда, Х. Ғаббасұлы, Ә. Ермеков және т.б. қарсы шығып, қалғандары қалыс қалып, ұлт көсемі бүктемеді қалады.<sup>9</sup> Ақыр аяғында Алашорда төрағасының осы ұсынысы жүзеге асады. Одан шығатын бірден-бір тұжырым: совет өкіметі орнағаннан кейін Алаш көсемі, өзге ұлттардың жетекшілеріне, мысалға, алғашқыда совет өкіметін мойындап, кейін бәрібір шетелге қашып кеткен Башқұртстан автономиясының төрағасы Заки Валидиге [Валидов]<sup>10</sup> қарағанда, өзінің сол 1918 жылғы көзқарасынан бір айныған емес. Яғни қазақ халқының ұлттық автономия құруға толық құқы барлығын мойындаған совет өкіметіне қарсы 1920-жылдардан кейін жаңа көтеріліс ашуды мақсат еткен жоқ. Совет өкіметі мен социализмді сүйгенінен емес. Одан да маңыздысы: қазақ халқының совет өкіметіне қарсы қайтып қару көтермеуіне бірден-бір кепіл ретінде елағасы елінде қалды. Өзі шетел кетсе, бұқара халқының, әсіресе Алаш қозғалысы мен Алашорда автономиясындағы үзеңгілестерінің күні не болмақ? Әлекең осыны ойлады. Оның елде қалуының ең басты сыры міне осында болатын. Оны бәлшебектік билік

9 Бөкейхан С. Әлекеңнің өмірі. //«Жұлдыз», журн., № 3, 1996 г., 102–125 стр.

10 Зәки Валиди (Валидов) Тоған – РСФСР Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесінің «Башқұрт АССР-нің мемлекеттік құрылысы туралы» 1920 жыл 19 мамырдағы қаулысына наразы болып, 1920 жылдың маусымында совет өкіметіне қарсы көтеріліске қатысып, көп ұзамай Орта Азия арқылы шетелге қашты.

көсемдері де жақсы білді. «Жаңа көтеріліс ұйымдастырмақ болды» дегені қып-қызыл жала болатын. Алайда, соған қарамастан, 1922 жылы Алаш көсемін тұтқындап Қарқаралы абақтысына жапқанда, Коростылевтің жеделхатынан көз жеткізгеніміздей, дәл әлгі нақақ жаламен сол жылы-ақ оның көзін жоймақ болды.

Сөздің тоқетерін айтқанда, Т. Рысқұлұлы мен С. Қожанұлы жеделхатының жоғарыда келтірілген жолдары И. Сталинді тәубесіне келтіріп, Алаш көсемін абақтыдан босатудан және оның өзі мен советтерге қырын қарайтын үзеңгілестерінің «көзін жою» пиғылын кейінге ысырып қоюдан басқа амал қалдырмаған. Алайда, И. Сталин бұқара халқының алдында абырой-беделі шексіз әрі кіршіксіз Қыр баласы – елағасы Әлиханды туған елінен аластатудың, халқынан ажыратып изоляцияда ұстаудың сұрқия амалын тапты. Алаш көсемін түрмеден босатысымен өз ықтиярынсыз Мәскеуге күштеп шақыртып алды. Оның үстіне 1937 жылдың қыркүйегінде оған тағылған ресми айыптамада сөзбе-сөз былай жазылды: **«В целях изоляции Букейханова, как непримиримого врага Советской власти, от казахских работников, оказывающего сильное влияние на них, в 1922 году он выслан в Москву».** Күштеп дегенде Ә. Бөкейхан 1906 жылы Тұзқалада [Ямышевский поселкасы, Павлодар] ұсталған кездегі **«керегі мен болсам, мен қашпаймын»** деген сөзін қайталағандай болып, совет өкіметінің бұл күштеуіне де көнгендей болды.

## **АЛАШ КӨСЕМІН МӘСKEУДЕ КОММУНАЛДЫҚ ПӘТЕР МЕН ӘДЕБИ ҚЫЗМЕТ ТОСЫП АЛДЫ**

Қыр баласын – елағасын қазағы, татары, орысы аралас Қарқаралы жұртшылығы, арасында өзінің жақындары да бар, жылап-еніреп шығарып салды. Бұл шамамен 1922 жылы қарашаның соңы мен желтоқсанның басы болатын. Мәскеуге қолын кісендеп, жанына күзет қосып 1922 жылы желтоқсанның бірінші жартысында жеткізді. Мәскеуге жетісімен ұлттардың

істері бойынша халық комиссары И. Сталиннің Кремльдегі кабинетінен бір-ақ шықты. Одан бір ай бұрын не үшін және кімнің нұсқауымен тұтқындалғанын, өзін Мәскеуге кісендеп жеткізуге кімнің бұйрық бергенін Алаш көсемі әлдеқашан іштей сезген-ді. Сталинмен арадағы әңгіме оның бар сезігін біржола сейілтеді. Әңгіме ұзаққа созылған. Алаш көсемінің өз сөзіне қарағанда, ол үйреншікті әдетіне салып ойын бетіне тіке айтпай, әдептілік сақтап, әзіл-шыны аралас, мақал-мәтелдетіп сөйлейді. Өйткені И. Сталиннің ойында не барын болжап болмайды. Бір кезде күткендегідей: «Сіздің жақтағы коммунистердің жайы қалай?» – деген астарлы сұрағын төтесінен қойды. Бір сәт қана ойланған Ә. Бөкейхан былай деп жауап береді: «Шығыста мақал-мәтелдеп сөйлейтінін сіз білесіз ғой. Қарсы болмасаңыз, мен сізге бір мәтел айтып берейін. Әлбетте, сіз Қожа Насреддинді білесіз. Күндердің бір күнінде қолына ұстаған жалғыз тағасы ол бір жиынға барады. Жұрт одан: – Қолыңа ұстағаның не? – деп сұрайды. Насреддин оларға: – Бұл есегімнің тағасы. Енді арманым толық орындалуы үшін маған бір есек пен тағы үш таға жетпей тұр, – деп тіл қатады. Міне Қазақстандағы коммунистердің жағдайын осылай сипаттар едім».

Сталин қазақ көсемінің ащы да болса шындыққа жақын мәтелін түсініп, бір сәт ойланғандай болып: – **Мәскеуде бола тұрыңыз. Сізге пәтер мен жұмыс қарастыр деп мен Төреқұлов жолдасқа тапсырма бердім. Менің сізге қоятын бір талабым бар: елге оралмаңыз, қырға қарай аяқ баспаңыз!** – деп қойып қалады.<sup>11</sup>

И. Сталиннің 6 миллионнан астам қазақтың көсеміне Мәскеуден тауып берген пәтері мынау: Большой Кисловский көшесі [переулок], 4 үй, № 15 коммуналды пәтер. Оны пәтер деп ауыз толтырып айту қиын. Ә. Бөкейханның үлесіне тигені – 7 бөлмелі пәтердің терезесі көшеге қараған ең ақырғы бір бөлмесі. Совет өкіметінің **«қара қуғын жасаған күндерінде, айдауына**

11 Зубов Андрей. Несгибаемый Алихан. // «Страна и Мир» газ., 12.12.2009. Алматы.

да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылуға» бел буған елағасы оған да көнді: берген баспанасын не азсынып, не менсінбеген, намыстанған сыңай танытпады. Өзінің ізінше Мәскеуге келген қызы Елизавета [№9-сурет] мен ұлы Өктай [№10-сурет],<sup>12</sup> шамамен 1925 жылы қызынан туған немересі Ескендір [№№11–12-суреттер]<sup>13</sup> қосылып, 4 жан осы алақандай бөлмеде сыр бермей 15 жыл тұрды. Әкесінің қолында тұрып қызы – Лизажан (күнделікті өмірде және А. Байтұрсынұлына жазған хаттарында Әлекең қызын осылай атайды) – медицина университетін бітіріп, Мәскеуде әкесінің қасында қалса, ұлы Өктай (төлқұжатындағы есімі Сергей) – Мәскеудің тау-кен институтын тәмамдап, Жезқазған түсті метал кенішін игеруге аттанып, әкесі «халық жауы» деген нақақ айыппен өлім жазасына кесілген 1937 жылдың қыркүйегіне дейін бас инженер қызметін атқарады.

Әйтсе де Алаш көсемінің мәскеулік баспанасын сонау қарғыс атқан патша заманында Самарда саяси айдауда жүріп тұрған 3 қабатты үйімен салыстыруға тіпті келмейді. Орыс ақсүйегі, кадет партиясының Самар тобының мүшесі, кнэз В. А. Кугушевтің Казанская көшесі, №30 үйінде [№№13, 14-суреттер] Ө. Бөкейхан саяси айдауда жүрген 1909–1917 жылдары отбасымен бірге тұрды. Ол кезде сүйікті жары Елена Севастьянова-Бөкейханның әлі дені-басы сау болатын [№15-сурет]. 1921 жылдың күзінде сүзек ауруынан ерте дүние салған жарын Әлекең марқұмның ақырғы өтінішін бұлжытпай орындап, Семейде поп шақырып христиан рәсімі бойынша жерлеп, екі баласын жалғыз асырап қалған еді.<sup>14</sup>

Мәскеудегі бір бөлмелі коммуналдық пәтері тар болса да, оның табалдырығын аттамаған, ұлт көсемінің кең дастарханы-

12 Смахан төренің мәліметі бойынша, Елизавета 1902 жылы Омбыда, Өктай-Сергей – 1904 жылы С.-Петербургта туған. – Бөкейхан С. Әлекеңнің өмірі. //«Жұлдыз», журн., №3, 1996 ж., 102–125 бб.

13 Ескендір Смағұлұлы – кәмелетке толмай, жасын асырып көрсетіп әскерге алынып, 1941 жылы Мәскеуді қорғауға атсалысып жүріп қаза тапты.

14 Бұл мәлімет Гүлнәр Міржақыпқызы Дулатованың әңгімесінен алынды.



нан дәм татпаған қазақ кемде-кем болатын. Өзінің туған іні-қарындастарын айтпағанда, 1920–30-жылдары Мәскеуде жауапты партиялық-мемлекеттік лауазымдарда отырған қазақ совет қайраткерлері Т. Рысқұлұлы, С. Қожанұлы, Н. Нұрмақұлы, өзінің жалғыз күйеу баласы С. Садуақасұлы, қызмет бабымен сирек те болса келіп тұратын бұрынғы үзеңгілестері А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Жанша және Халел Досмұхамедұлдары,<sup>15</sup> әдебиет-көркемөнер институтында оқып жүрген кезінде М. Жұмабайұлы, Ленинградта оқып жүрген М. Әуезұлы мен Ә. Марғұлан және т. б. ұлт көсемінің амандығын біліп, дәм татып кететін. Алашорда қайраткерлерін, жалпы көзі ашық, көкірегі ояу қазақ зиялылары мен белсенділерін жаппай қудалау саясаты етек алған 1920-жылдардың соңы мен 30-жылдары Әлекеңнің осы тар пәтері маңызды орын алды. Атап айтқанда, совет өкіметінің азап лагерлері – ГУЛАГ-тарда айдауда жүрген бұрынғы үзеңгілестерінің туған-туысқандары итжеккенге барып, кейін елге қайтар жолында Алаш көсемінің осы тар пәтеріне аялдап, 2–3 түнеп қайтатын. Оған Әлекеңнің Соловецк лагерінің Тунгутск бөлімінде «жазасын» өтеп жүрген Міржақып-Мадияр Дулатұлына 1934 жылдың 26 қыркүйегінде жазған мынадай шағын хаты дәлел болады: **«Шырақ Мадиярым! Гая, Әлтай екі түнеп, бүгін жүріп кетті. Шығарып салып жазып отырмын...»**.<sup>16</sup>

Қарағандылық журналист әрі Алашорда төрағасының өмірін зерттеуші ғалым, марқұм Ж. Бектұровтың мәліметіне

---

15 Халел және Жанша Досмұхамедұлдары, сондай-ақ Мырзағазы Есболұлы және тағы бірқатар алашордашылар 1935–1937 жж. Мәскеуде тұрған. Қара: 27 стр. протокола допроса от 02.06.1938 г. – История Западного отделения Алаш-Орды. Сборник документов и материалов. //Под общей редакцией Сдыкова М.Н. том 1. Уральск. стр. 244.; 45 стр. протокола допроса от 07.06.1938 г. – История Западного отделения Алаш-Орды. Сборник документов и материалов. //Под общей редакцией Сдыкова М.Н. том 1. Уральск. стр. 256.; 50–51 стр. протокола от 08.06.1938 г. – История Западного отделения Алаш-Орды. Сборник документов и материалов. //Под общей редакцией Сдыкова М.Н. том 1. Уральск. стр. 260.

16 Әлихан Бөкейхан. Таңдамалы – Избранное. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995 ж. 399 бет.

сәйкес, Архангельск облысындағы азап лагеріне жабылған А. Байтұрсынұлын М. Горькийдің зайыбы Е. Пешкованы араға салып, 1934 жылы шығарып алған Ә. Бөкейхан көрінеді. Е. Пешкова ол кезде Қызыл Крест ұйымының комиссиясында қызметте жүрген. Лагерден шыққан соң Ахаң Мәскеуде елағасының әлгі пәтерін тарсынбай түнеп, лагерде жазған кезекті ғылыми еңбегінің қолжазбасын сеніп қалдырып кетіпті. Көп ұзамай өзінің де кезегі келетінін айқын сезген Алаш көсемі ол қолжазбаны ұзақ уақыттан бергі досы, ғылыми әріптесі, үндітанушы-академик С. Ф. Ольденбургке тапсырыпты.<sup>17</sup> Әзірше ол қолжазба қолға түспей тұр.

Сәті келген соң айта кетейін: Ольденбургпен А. Байтұрсынұлының өзі де Әлекең арқылы жақсы таныс болатын. Олардың таныстығына С.-Петербург қаласындағы Ресей ұлттық кітапханасында сақталған үндітанушы-ғалымның жеке қорынан 2009 жылы табылған 2 фотосурет куә болады [№№ 16, 17-суреттер].

Ал Алаш көсеміне Мәскеуден «табылған» қызметке тоқталсам, 1937 жылдың шілдесінде өз қолымен толтырған «тұтқын анкетасында» жазып көрсеткеніндей [№ 18-сурет], 1922 жылдан СССР халықтарының Кіндік баспасында ғылыми қызметкер (Центральное издательство народов СССР или ЦИН СССР), 1926–1927 жылдары – СССР Ғылым Академиясында (СССР ҒА) ғылыми қызметкер болып істейді. Ғылым Академиясы әлі де Ленинградта болатын. Академик Әлкей Марғұлан өзі марқұм болғаннан кейін ғана жарық көрген естелігінде Ә. Бөкейханның Ленинград университетінің профессоры болып та сабақ бергенін жазып қалдырыпты.<sup>18</sup> Бұл естелікте болашақ академиктің Алаш көсемінің ыждаһатымен СССР ҒА-сының антропологиялық экспедициясы құрамында Адай оязында жұмыс істеген 1926 жыл сөз болып отырғанын ескерсек,

---

17 Бектұров Ж. Енеден ерте айырылған төл секілді... // Алматы: «Қазақстан» баспа үйі, 2002. – 234 бет.

18 Өтениязұлы С. Арманда өткен Әлкей ата. // «Қазақ тарихы» журн., № 2 1994 ж. 16–17 бб.

демек Ә. Бөкейхан Ленинград университетіне 1925–1927 жылдары профессор болған. Оның алдында, 1922–1928 жылдары, СССР Кіндік баспасы басқармасының төрағасы болып отырған Н. Төреқұлұлы [№№ 19, 20-суреттер]<sup>19</sup> И. Сталиннің тапсырысымен Ә. Бөкейханды өзінің қоластына қызметке алады.

Назар аударма кететін бір қызықты жайт: 1917 жылғы Ақпан төңкерісінің қарсаңында, бұл І-інші дүниежүзілік соғыстың қайнап тұрған кезі, Нәзір Батыс майданның тылын қамтамасыз ететін Земгорсоюз ұйымының Ә. Бөкейхан ашып басқарған Бұратана бөлімінде, ұлт көсемінің қоластында қызмет етеді. Алаш көсемі Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы комиссары болып тағайындалған соң Н. Төреқұлұлы енді Торғайдан бір-ақ шығады. Демек, ол облыс комиссарының аппаратында қызмет істесе ғажап емес. Арада 5 жылдай өтіп ол енді ұлт көсемін қызметке алады. Тағдыр тәлкегі немесе тағдыр мазағы деген осы-ау, сірә!

Елағасының Кіндік баспада атқарған қызметі туралы 1927 жылы жазылған ресми пікірде оның қай уақытта қандай қызметке алынғаны нақты көрсетілген:

**«Гр. А. Н. Букейханов служил с 14 декабря 1922 г. по 1 октября 1927 г. литературным сотрудником Казакской секции Центрального Издательства Народов С.С.С.Р. в Москве»** [№ 21-сурет].

Мемлекет қайраткері – автономия төрағасы, ұлт көсемі, елағасы деген барша жұрт мойындаған биік мәртебесі бар Ә. Бөкейхан жаңа қызметін өзіне лайық көрмей, менменсіп, немқұрайды қараған жоқ па? – деген сұрақ туары да заңды. Оның әдеби немесе ғылыми қызметкер деген жұмысын қандай көңіл-күймен қабылдағанын болжап-топшылап жатпай-ақ, 1923 жылдың маусым-шілдесінде Мәскеуден Дінше Әбілұлына жазған шағын хатынан айқын байқауға болады:

<sup>19</sup> Нәзір Төреқұлұлы (1892–1937) – мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, алғашқы қазақ елшілерінің бірі, дипломат.

«Москва. Воздвиженка.  
Б[ольшой]. Кисловский переулок,  
дом 4, квартира [№] 15.

### Бауырым Дінше!

Хатыңды алдым. Қуанып қалдым. «Шолпанға»,<sup>20</sup> «Темірқазыққа»<sup>21</sup> неге мақала жазбайсың? Сендей білімі бар жазбаса, кім жазады? Не балаларға сабақ беріп, не журналға, газетке мақала жазып Алашқа қызмет қылмасақ, не қазақ тілінде кітап жазбасақ, өзге жол бізге бөгеуді ғой!

Сүйдім, Әлихан».<sup>22</sup>

Алаш көсемінің өз басы газет-журналға мақала, қазақ оқу мекемелерінің оқытушы-оқушыларына арналған кітаптар мен оқу құралдарын және оқыту әдістемелерін жазып, халқына қызмет етудің теңдессіз үлгі-өнегесін көрсетеді. Өзі алыс Мәскеуде тұрса да, оның Қыр баласы, сирек те болса Ғ. Б. немесе V деген таңбамен қол қойған мақаласы, қайсыбір көркем шығармаға не әдеби және т. б. аудармаға жазған пікірі, зерттеуі, ашық хаты және т. б. туындысы жарық көрмеген мерзімді қазақ баспасөзін ұшырату қиын еді.

Ә. Бөкейхан Кіндік баспаның Қазақ бөліміндегі әдебиетші қызметін 1923 жылы қазақ тілінде мектеп оқушыларына арналған «Темірқазық» журналын шығарудан бастады десе қате болмайды. Дінше інісіне «Шолпанға», «Темірқазыққа» неге мақала жазбайсың? – деп кейігендей болып жай жазба-

20 «Шолпан» – Түркістан АССР-і ОАК-нің білім, әдебиет, шаруашылық, саяси журналы. Тұңғыш саны 1922 жылы қазанда Ташкенттен жарыққа шықты. Журналда көптеген ғылыми маңызды мақалалар жарық көрді. Бірақ оның жеке мақалаларында буржуазиялық-ұлтшылдық қате тұжырымдарға жол берілген деп есептеліп, осыған байланысты журнал 8 саны шыққаннан кейін 1923 жылдың мамыр айында жабылды.

21 «Темірқазық» журналы – 1923 жылы Мәскеуде Кіндік баспадан шығып, 1–3 санынан кейін «Шолпан» журналымен бір уақытта тоқтатылды.

22 Әлихан Бөкейхан. Таңдамалы – Избранное. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995 ж. 398 бет.

са керек, «Темірқазық» журналының Кіндік баспадан шыққан алғашқы үш санын да Қыр баласы өз материалдарымен толтырды. Оның ішінде Әубәкір (Әубәкір) Диваев жазып алып 1922 жылы Ташкенттен басып шығарған «Мырза Едіге», «Батыр Бекет» жырларына жазған пікірлері,<sup>23</sup> В. Короленко мен Н. Маркстің балаларға арналған әңгімелерінің аудармалары,<sup>24</sup> «Луи Пастер», «Білім күші», «Хахас» атты мақалалары және т. б. Алайда, Алаш көсемінің «Темірқазығы» 2–3 сандары қосылып шыққан соң, әзірге беймәлім себеппен тоқтатылады. Мәскеуде журнал шығаруын қанағат тұтпай, елағасы Ташкенттен шығатын «Ақ жол» газеті мен оған қосымша ретінде шыға бастаған «Сәуле» журналына 1923 жылы 10-даған мақаласы мен әдеби аудармасын жариялайды.

Оған қоса А. Байтұрсынұлы жазып алып өңдеген «Ер Сайын» жыры<sup>25</sup> мен «Ер Тарғын» эпосының В. Радлов көшіріп алған нұсқасын<sup>26</sup> алғысөзі мен ғылыми түсініктерін жазып, өңдеп жеке-жеке кітап етіп басып шығарады. В. Короленконың «Макардың түсі» әңгімесін қазақшалап бастырады. Л. Толстойдың әйгілі «Қажымұрат» повесін тәржімелеп, үзінділерін 1923 жылы «Ақ жол» газетіне ұсынады.<sup>27</sup> Осы газетте Қыр баласы тегі ирланд, ағылшын жазушысы, ақын, эстет әрі философ Оскар Уайльдтың «Жұлдыз бала» әңгімесін ана тілінде жариялады.<sup>28</sup>

23 Қыр баласы. Бекет батыр (Ә. Диваев. 1922 ж. Ташкент.); Қыр баласы. Мырза Едіге (Ә. Диваев. 1922 ж. Ташкент.). Рецензия. //«Темірқазық» журн., № 1, 1923 ж., 34, 35-беттер. Мәскеу.

24 Маркс, Н. А. Герейдің ажалы. «Қырым сөздерінен» аударған Қыр баласы. //«Темірқазық» журналы, № 1, 1923 ж., 23-бет.; Шырақ (В. Г. Короленкодан). Қазақшаға аударған Қыр баласы. //«Темірқазық» журналы, 1923, № 2–3, 103 бет; Маркс, Н. А. Пайғамбарға хат («Ескі Қырым сөздерінен»). Аударған – Қыр баласы //«Темірқазық» журналы, № 2–3, 1923 ж., 104–106-беттер. Мәскеу.

25 Қыр баласы, Байтұрсынұлы Ахмет. Ер Сайын. //СССР халықтарының Кіндік баспасы [ЦИН СССР], 1923 ж. Мәскеу.

26 Радлов, В. В. Ер Тарғын (Алғысөзін, ғылыми түсініктерін жазып, өңдеп баспаға әзірлеген Қыр баласы). //СССР халықтарының Кіндік баспасы [ЦИН СССР], 1923 ж. Мәскеу.

27 Толстой, Л. Н. Қажы-Мұрат (ауд. Қыр баласы). //«Ақ жол» газ., №№ 377, 378. 1923 ж. Ташкент.

28 Маркс, Н. А. Жұлдыз бала («Ескі Қырым сөздерінен»). Ауд. Қыр баласы. //«Ақ жол» газ., №№ 381–384, 1923 ж. Ташкент.

Міне бұл Қыр баласы – елағасының Мәскеудегі Кіндік баспада қызмет еткен алғашқы 1923 жылы ғана атқарған ісі болатын. 1924 жылғы шығармашылығы одан бір кем емес-ті. Оның ішінде «Қозы-Көрпеш – Баян Сұлу» жырының В. Радлов жазып алған үлгісін алғысөзі мен түсініктерін жазып, өңдеп басып шығарса,<sup>29</sup> Л. Толстойдың «Қажымұратын»,<sup>30</sup> әйгілі француз астрономы Камиль Фламарионның «Астрономия әліпбиін»<sup>31</sup> мектеп оқушыларына арнап қазақшалап жеке-жеке кітап қылып шығарады. «Ақ жол» газеті мен «Сәуле» журналына орыс классиктерінен Л. Толстойдың, И. Тургеневтің, сондай-ақ Н. Маркс пен Жириковтің, Алтайдың түркітілдес халықтары мен монғолдың және француз классигі Ги де Мопассанның балаларға арналған шағын көркем әңгімелерін қазақшалап жариялады. «Қосшы» газеті мен «Жас қазақ» және «Жас қайрат» журналдарынан халқына жолдаған ашық хаттары, үндеулері, пікірлері, мақалалары жарық көрді.

Ә. Бөкейханның көркем аудармаларының ішінен «Қажымұрат» повесінің аударылып, кітап болып шығуының өзіндік хикаясы бар көрінеді. Райымжан Әзіханұлы Бөкейхановтың Мәскеуде ағасының өз аузынан естіген әңгімесіне қарағанда, повесті аударып болып, баспаға берерден бұрын Қыр баласы кітапты оның бас кейіпкері – Қажымұраттың портретімен беруді ойлайды да, Мәскеуде өзіне жақсы таныс бір суретшіні тауып алып, оны Қажымұраттың шығармада сипатталған бейнесі бойынша суретін салып беруге көндіреді. Повесті Л. Толстойдың өзі алғаш басып шығарғанда, кітапта бас кейіпкердің портреті не суреті болмаған. Қыр баласының аудармасы Қажымұраттың суретімен басылып шығады.

Қыр баласының «Ақ жол» мен «Қосшы» газеттерінде жарық көрген «Білімге жалынған жұрт орман-бағын қалай қориды?»,

29 Радлов, В. В. Қозы-Көрпеш – Баян Сұлу. (Алғысөзін, ғылыми түсініктерін жазып, өңдеп баспаға әзірлеген Қыр баласы). //СССР халықтарының Кіндік баспасы [ЦИН СССР], 1924 ж. Мәскеу.

30 Толстой, Л. Н. Қажы-Мұрат (аударған Қыр баласы). //СССР халықтарының Кіндік баспасы [ЦИН СССР], 1924 ж. Мәскеу.

31 Фламарион, К. Астрономия әліпбиі (қазақшалаған Қыр баласы). // СССР халықтарының Кіндік баспасы [ЦИН СССР], 1924 ж. Мәскеу.

«Үлгі алыңдар!» және «Тозған егістікке жоңышқа салсаң, бидай жақсы өседі» сынды мақалалары да елең еткізбей қоймайды. Туған елі мен даласынан 3–4 мың шақырым қиырда жүрсе де, елінің бүгінгі мен ертеңін ойлаған Қыр баласы, мысалға, бірінші мақаласында алма, өрік бақтарын, жалпы егістікті зиянкес жәндіктерден қорғауда білім мен ғылым күшіне сүйенген Солтүстік Америка фермерлерінің жемісті тәжірибесін жан-жақты сипаттай келіп, туған халқын сол тәжірибемен қарулануға үндейді. «Калифорния аймағында өрікке бір бит түсіп, бір жылда 1 миллиард 690 миллион 600 мың сом залал келтірген. Бұған қарсы бір бурыл қоңыз тапқан, осы қоңыздың арқасында өрік бәледен құтылып, бақ иесі адамдар шығыннан құтылған», – дей келіп, Қыр баласы өз еліндегі егінін, бау-бағын зиянкестерден қорғай алмаған қазақ шаруасының дәрменсіздігін өкінішпен былай суреттейді: – Біздің Түркістанда да бақ бар. Онда да өрік, мейіз, алманы жеп жұтатын жауы бар. Америка әдісін қылып, онан бағын қорғаған адам жоқ. Бұл бізде білім жоқтығы. Өрік, мейіз гүлдемей қалса, құдайға, шайтанға жаланы жаба салып жүре береміз, «қап!» деп отыра береміз. Біздің Түркістанның, Қазақстанның егінінің жұты шегіртке, тарақ құйрық тышқан. Шегірткенің жұты қараала торғай, тарақ құйрықтың жұты – күзен. Қараала торғай әсіресе қораға үйір болады, балапанын адам баласы салған ұяда өсіріп ұшырады, адамға үйір болады.

Шегірткеге келсе, жер соғып отырып қаламыз, қараала торғайды асырамаймыз. Міне бір адасқандық. Күзен бұл болды деп, күз болды – күзенді қырып саламыз... Егінді тарақ құйрық жеп, жер соғып отырамыз».<sup>32</sup>

«Үлгі алыңдар!» мақаласында Даниядағы төрт түлік мал, үй құсы иелерінің кооперативке бірігіп, сүт-май, ет, жұмыртқа және т. б. мал шаруашылығы өнімдерін заманының ең үздік техникасы мен технологиясын және химиялық тыңайтқыштарын қолдана отырып өндіріп, басқа елдерге экспортқа сатып,

32 Қ.Б. Мәскеуден хат. Білімге жалынған жұрт орман-бағын қалай қориды?//«Ақ жол» газеті, 02.XI.1924, № 499.

байлыққа кенеліп отырғанын ісінен үлгі алуға шақырады. Ә. Бөкейхан былай деп жазады: «Мұнан 40 жыл бұрын Дания біз секілді малын тірідей базарға сататын еді. Осы күні (1900-інші жылы) мал соятын 29 кәператибі бар. 1899-ыншы жылы бұлар 17 миллион сомға ет сатқан. Осы ет сататын кәператипке 96 мың үй кірген. Бір үйге ет сатқаннан кірген ақша 304 сом болған. Бұл кәператип мүшелерінің бір жылғы еткен кірісі».

Қыр баласының мәліметі бойынша, сарымай мен еттен басқа мал бағып, үй құсын асыраған Дания елі жұмыртқа өндірісін кооператив арқылы көтеріп, өнімін Еуропаның өзге елдеріне экспорттап сатқан. Сонау баста бұл кооперативті ашуға ауыл-ауылда бала оқытып жүрген Боргенсен мен Миллер 2 дін қызметкері (мақалада «молда») мұрындық болыпты. «Әуелі кәператип мүшелері аз болса да, – деп ойын жалғастырады Қыр баласы, – 5 жыл ішінде 269 кәператип ашылып, мүшелері 20 мыңға жетіп, бір жылда Англияға 1 миллионнан артық жұмыртқа сатады. Кәператипке кіргендер үй басына жұмыртқадан 46 сом кіргізеді».

Қыр баласының мәлімдеуінше, Еуропада бұқара халық күнделікті қажетінен артық қаражат тапса, «сақтық серіктігіне» немесе банкке салып сақтайды. Мақала авторының пікірінше, банкке жиналған ақша көлеміне қарай қай ел мен халықтың қаншалықты бай екені байқалады. Мақаласында Қыр баласы келтірген мәліметтерге қарағанда, бүкіл Батыс Еуропада банкте ақша ұстаған азаматтарының саны жағынан Дания Еуропаның ірі елдерінен ат басы алда келеді:

- Данияда – 46 адам,
- Германияда – 26 адам,
- Францияда – 29 адам,
- Ресейде – 3 адам.

Қыр баласының мәліметіне сәйкес, банкте ақша ұстаған әрбір азаматының үлесіндегі ақша көлемі жағынан тағы да Дания – Ресейді айтпағанда, Германия мен Францияны артта қалдырыпты: